# Музыка баланың дамуына қалай әсер етеді?

Музыка тыңдау және музыкамен айналысу баланың ми қызметін белсендіреді, есте сақтау қабілетін дамытады, сөздік қорын байытады және ең бастысы - эмоциялық интеллектісін қалыптастырады.

## Ата-аналарға арналған 5 маңызды кеңес

1. **Үйде музыкалық орта қалыптастырыңыз:** Балаңызбен бірге сапалы музыка тыңдаңыз. Ол классикалық шығармалар, балалар әндері немесе халық әуендері болуы мүмкін. Музыканы фон ретінде емес, зейін қойып тыңдаған тиімдірек.
2. **Бірге ән айту мен билеу:** Балаңызбен бірге қарапайым әндерді айтыңыз. Даусыңыздың қандай екені маңызды емес, бастысы - баланың көңіл-күйі мен сізбен бірге бөліскен қуанышы. Билеу - баланың дене қимыл-қозғалысын және ырғақты сезінуін дамытады.
3. **Ырғақты сезінуге үйретіңіз:** Алақанмен шапалақтау, аяқпен еденді тарсылдату немесе қарапайым музыкалық аспаптармен (тіпті ас үй қасықтарымен) ырғаққа ілесу - баланың музыкалық есту қабілетін (слух) қалыптастырады.
4. **Музыка туралы сөйлесіңіз:** Әуенді тыңдап болған соң: «Бұл музыка саған қандай сезім сыйлады?», «Бұл көңілді ме, әлде мұңды ма?», «Қандай аспаптардың дауысын естідің?» деген сияқты сұрақтар қойыңыз. Бұл баланың ойын жеткізе білуіне көмектеседі.
5. **Балаңыздың шығармашылығын қолдаңыз:** Егер балаңыз өз бетінше ән шығарып немесе қызық қимылдар жасап жатса, оны сынамаңыз, керісінше қолдаңыз. Бұл оның өзіне деген сенімділігін арттырады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** №1 «Бәйтерек» балабақшасы
**Топ:** кіші «Құлыншақ», «Балбөбек»
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-мамыр 2025-2026ж.ж.

| айы | ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті |
|---|---|
| **қыркүйек** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br>**Ән айту:**<br>Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу). |
| **қазан** | **Музыка тыңдау:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру;<br>қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу. |
| **қараша** | **Музыка тыңдау**: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырату;<br>**Ән айту:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау. |
| **желтоқсан** | **Музыка тыңдау**: Жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау.<br>**Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту. |
| **қаңтар** | **Музыка тыңдау**: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру;<br>**Ән айту:** Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Қол қимылдарын: "шапалақ – шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру. |
| **ақпан** | **Музыка тыңдау**: Музыка арқылы көңіл күйді ажыратуға үйрету,қысқа шығармаларды тыңдау, әртүрлі музыкалық жанрлармен және аспаптармен таныстыру.<br>**Ән айту:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру. таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау. |
| **наурыз** | **Музыка тыңдау**: Әуен тыңдау, көңілді және тыныш әндер арқылы эмоцияларды ажырату. Әуен мен ырғақты ажыратуды үйрету.<br>**Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімдеу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. |
| **сәуір** | **Музыка тыңдау**: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;<br>**Ән айту:** Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен);<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. |
| **мамыр** | **Музыка тыңдау**: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айту кезінде, Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Трлі аспаптарда педагогтың орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** №1 «Бәйтерек» балабақшасы
**Топ:** ортаңғы «Күншуақ», «Балдырған»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-мамыр 2025-2026 ж.ж.

| айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті |
|---|---|
| **қыркүйек** | **Музыка тыңдау:**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Музыканың түрлі жанрларымен танысу (көңілді, тыныш, белсенді)<br>**Ән айту:**<br>Ән айту арқылы балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Қарапайым музыкаға құлақ түріп, қолмен шапалақтау. Музыкаға ілесіп, дене қимылдарын қайталау. Музыкамен жүріп, ырғақты сезіну, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру. |

| | |
|---|---|
| **қазан** | **Музыка тыңдау:**<br>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Музыканың көңіл-күйді қалай өзгертетінін түсіндіру.<br>**Ән айту:**<br>Әндерді дұрыс және ырғақты орындауға үйрету. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу.<br>**Музыкалық- ырғақтық қимылдар**:<br>Музыкаға сәйкес қолмен және аяқпен қимылдар жасау. Топтық ойындар арқылы қимылды үйлестіру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. |
| **қараша** | **Музыка тыңдау:**<br>Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. Музыкадағы табиғи дыбыстар судың ағысы, (құстардың дыбысы) және оларды ажырата білу.<br>**Ән айту:**<br>Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау, жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. |
| **желтоқсан** | **Музыка тыңдау:**<br>Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:**<br>Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Ән мен би арқылы мерекелік көңіл күй қалыптастыру. Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. |
| **қаңтар** | **Музыка тыңдау:**<br>Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.<br>**Ән айту:**<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. |
| **ақпан** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту:**<br>Ойындарға, хор айтуға қатысу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. |
| **наурыз** | **Музыка тыңдау:**<br>Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. қарапайым марш ырғақтары мен вальс. Ырғақты сезіну, қимылдарды үйлестіре білу. Әртүрлі жанрдағы музыканы тыңдап, сәйкес қимылдар жасау.<br>**Ән айту:**<br>Ән айту арқылы балалардың тіл байлығын және сөйлеу өабілетін жетілдіру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Музыкамен жануарлардың қимылдарын бейнелеу, әртүрлі жануарларға арналған музыка арқылы қимылдарды дамыту. Музыкалық шығармалар мен ертегі |

| | |
|---|---|
| | кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| **сәуір** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Халық әндерін тыңдау арқылы дәстүрлермен танысу. Әннің құрылымын талқылау (қайталау, басталуы, аяқталуы)<br>***Ән айту:***<br>Ойындарға, хор айтуға қатысу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Топтық қимыл қозғалыстарды қалыптастыру. Шеңберде және жұппен би билеу.Қимылдарды музыка ырғағымен үйлестіру. |
| **мамыр** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыка арқылы жануарларды бейнелеу. Музыка арқылы кейіпкерлерді тани білу.<br>***Ән айту:***<br>Музыкалық дыбыстарды естіп, оларды дұрыс қабылдауға үйрету. Қарапайым жаттығулар арқылы ән айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетіншеорындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** №1 «Бәйтерек» балабақшасы
**Топ:** «Балауса» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қыркүйек-мамыр 2025-2026 ж.ж.

| айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті |
|---|---|
| **қыркүйек** | **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау, ажырата білу және музыка мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау ережелерін сақтау). таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады.<br>***Ән айту:*** Балаларды анық, таза дауыспен, мәнерлеп ән айтуға үйрету**.** Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдай білу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыка әуенін тыңдау арқылы қозғалу дағдысын дамыту. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>**Билер:** Қимыл дағдыларын дамыту. Музыканың ырғағына сәйкес дене қимылдарын үйлестіру. Әуеннің көңілді сипатын музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Қарапайым ойын қимылдарын үйрету. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды,музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған әртүрлі музыкалық аспаптармен (шағын барабан, сылдырмақ, асатаяқ, үшбұрыш, металофон, даңғыра, қоңырау т.б) таныстыру. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

| | |
|---|---|
| **қазан** | **Музыка тыңдау:** Қазақ халқының музыкасына қызығушылықтарын арттыру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды. Домбыра аспабының дауысын қабылдау.<br>**Ән айту:** Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Дыбыстықүшпен, қыспай, еркін айтуға дағдыландыру. Әуенді дұрыс,нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың қимылдық сипатын жеңіл,ырғақты жүгірумен беру. Қимылдарды ырғақпен сәйкестендіру. Әуеннің жылдамдығына (жылдам, баяу) сәйкес қозғалу. Динамикасын (ақырын, қатты) қимыл арқылы жеткізе білу.<br>**Билер:** Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Ойындар,хороводтар: Қимыл -әрекеттерді үйлестіру.** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету және музыка қарқынына сәйкес қозғала білуге жаттықтыру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Аспаптардың дыбыстарын ажырата білу. Әр аспаптың өзіндік үнін естіп, салыстырып, айырмашылығын сезінуге үйрету. |
| **қараша** | **Музыка тыңдау:** Музыка арқылы эмоциялық көңіл -күйін ояту, бейнелі елестету қабілетін дамыту. Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту.<br>**Ән айту:** Ән мәтінін анық, дұрыс дикциямен айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Әндерді эмоционалды орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Координация мен қимыл нақтылығын қалыптастыру. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.<br>**Билер:** Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>**Ойындар, хороводтар:** Ұжымдық сезімді қалыптастыру. Балаларды бірге ойнауға, бір-бірімен әрекеттесуге, хоровод кезінде шеңбер құрып, топпен қимылдауға үйрету.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |
| **желтоқсан** | **Музыка тыңдау:** Музыканың көңіл -күйін (қуанышты, мұңды, баяу, шапшаң) ажырату. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру.<br>**Ән айту:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Сөз мағынасын түсініп орындауға баулу. Жеке және хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру,<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Қол, аяқ, дене қимылдарын үйлестіру.<br>**Билер:** Әуеннің сипатына (жай, жылдам, көңілді, баяу) байланысты қимылдарды таңдай білу. Жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>**Ойындар,хороводтар:** Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту,музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Ырғақты сезіну және қайталау. Қарапайым ырғақтық суреттерді музыка ырғағына сәцкес соғып ойнау (шапалақ, аспап қағысы арқылы) |

| | |
|---|---|
| **қаңтар** | **Музыка тыңдау:** Ән мен сипатын тыңдай білу, сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).<br>**Ән айту:** Әннің әуенін дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру. Ән айту арқылы өзіндік шығармашылық қабілеттерін дамыту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. (жетекшінің көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Әуенге байланысты қимылды дер кезінде орындауға дағдыландыру. Қол, аяқ, дене қимылдарын үйлестіре білу.<br>**Билер:** Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Би арқылы көңіл-күйін білдіру.<br>**Ойындар,хороводтар:** Қарапайым қимыл түрлерін меңгеру – қол ұстасу, шеңберде жүру, кезектесіп қимылдау, ойын барысында ырғақты қозғалыстар жасау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкаға сүйемелдеу жасау. Ән айту, би қимылдары немесе хоровод ойыны кезінде қарапайым сүйемелдеу ойыны. |
| **ақпан** | **Музыка тыңдау:** Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады. Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.<br>**Ән айту:** Дыбыс биіктігін (жоғары-төмен) ажыратып айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Жұппен және топпен қимыл жасауға баулу. Хоровод түрінде би қимылдарын орындау. Бір-біріне кедкргі жасамай, тәртіп сақтап қозғалу.<br>**Билер:** Шеңбер бойыменән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту. Музыка мазмұныныа сәйкес қимылдау.<br>**Ойындар,хороводтар:** Музыкаға эмоционалды жауап беру – әннің мазмұныныа сәйкес көңіл- күйді қимылмен жеткізуге баулу. Үлкен шеңберге және шашырап тұру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Топпен бірге ойнауды үйрену. Бірге бастау, бірге тоқтау, жетекшінің белгісін күтуге дағдылану. |
| **наурыз** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық аспаптардың үнімен танысу. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау.<br>**Ән айту:** Ырғақты сақтау және ырғақтық ерекшеліктерін сақтап айтуға жаттықтыру. Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Эмоциялық көңіл- күйді дамыту. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру.<br>**Билер:** Қазақтың ұлттық билеріне қызығушылықтарын ояту. Қарапайым қаз-қатар жүру, иілу, айналу, қол қимылдарын үйрету. Қазақтың халық билерінен жеңіл элементтерін меңгеру.<br>**Ойындар,хороводтар:** Әдептілік пен ережені сақтау – ойын және хоровод ережелерін орындауға, кезегін күтуге, серіктеске көмектесуге үйрету. Халық ойындарының көңілді сипатын беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкаға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Аспап арқылы өз ойын, көңіл- күйін білдіруге ынталандыру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |

| | |
|---|---|
| **сәуір** | **Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау.<br>**Ән айту:** Әуеннің қарқыны мен динамикасын түсіну. Ән айту барысында дауыс биіктігін бақылау. Қарапайым шапалақ, қимыл арқылы ырғақты сезіне білу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын,билерді, ойындарды есте сақтау.<br>**Билер:** Би қимылдарын бірге үйлестіріп орындау, өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Жұппен және топпен билеуге үйрену.<br>**Ойындар,хороводтар:**Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге,хор айтуды,музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу. |
| **мамыр** | **Музыка тыңдау:** Қазақтың халық күйлері мен әндерін тыңдату арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).<br>**Ән айту:** Ән сипатын ұғыну,әннің көңіл күйін бере білу. Хормен ән айтқанда бірге үндесіп айтуға тәрбиелеу. Үйренген әндерді қайталау және жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыкаға сәйкес күйді қимылмен жеткізе білу.<br>**Билер:** Әсемдікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Би кезінде әдемі жүріс, денені дұрыс ұстау дағедыларын қалыптастыру. Би мәдениетін (сахналық, әдептілік) үйрету.<br>**Ойындар,хороводтар:** Ұлттық ойын элементтерін пайдалану- қазақтың қимылды ойындары мен хороводтарын таныстырып, ұлттық дәстүрге қызығушылықтарын ояту.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Ұлттық аспаптармен таныстыру. Қазақтың қарапайым ұлттық аспаптарынан (шағын домбыра, асатаяқ, дабыл т.б.) хабардар ету, ұлттық өнерге сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** №1 «Бәйтерек» балабақшасы
**Топ:** «Айналайын», «Балдәурен» мектепалды
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-мамыр 2025-2026 ж.ж.

| айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті |
|---|---|
| **қыркүйек** | **Музыка тыңдау:** Балаларды музыканы тыңдай білуге, көңіл-күйін сезінуге, мазмұнын түсінуге үйрету. Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>**Ән айту:** Дыбысты дұрыс айтуға үйрету- балалардың дауыс аппаратын қалыптастыру, тыныс алуын дұрыс қолдануға баулу. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді орындауға үйрету, септима |

| | |
|---|---|
| | мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың әуеніне сәйкес ырғақтық қимылдар жасауға үйрету және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру.<br>**Билер:** Балаларды ұлттық және балаларға арналған билердің қарапайым қимыл-қозғалыстарымен таныстыру. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыка арқылы балалардың ән айту, би қимылдарын дұрыс орындай білуін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Есту және ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Қарапайым музыкалық аспаптармен таныстыру және пайдалану. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. |
| **қазан** | **Музыка тындау:** Музыканың сипатын (көңілді, мұңды, баяу, жылдам, ойнақы, салтанатты) ажырата білуге тәрбиелеу. Шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Ән айту:** Әннің әуенін дәл орындау – биік, төмен дыбыстарды ажыратып, әуенді дұрыс айтуға үйрету. Ән сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Әуеннің қарқыны мен екпініне сәйкес қозғалыстар орындай білуге баулу. Музыканың қимыл сипатын – жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Билер:** Музыканың ырғағына, екпініне сәйкес қозғала білуге, қимылды музыкамен үйлестіре орындауға үйрету. Балалардың қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Музыка мен биді үйлестіре отырып, ритмді түсінуге үйрету.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыканы тыңдай отырып, көңіл-күйін және сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық ритмді үйрену. Музыкалық ойындар арқылы қарапайым ритмді сезіп, аспаптарда қайталап ойнау. |
| **қараша** | **Музыка тындау:** Музыканың динамикалық ерекшеліктерін (қатты-жай, баяу-жылдам) ажырата алу дағдысын қалыптастыру. Музыка сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерімен тнысу және тыңдау.<br>**Ән айту:** Әннің сөздерін анық айту – ән айту барысында дикцияны дұрыс қалыптастыру. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыка арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, әсемдік сезімін, көңіл-күйін дамыту. Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер:** Бимен әсемдік, әдемі қимыл жасауға тәрбиелеу. Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық аспаптарында ойнау:** Әуеннің ырғақтық құрылымын ажыратып, соған сәйкес ойнай білуге үйрету және әуен бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. |
| **желтоқсан** | **Музыка тыңдау:** Балалардың музыканы тыңдау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың эмоционалды мазмұнын (қуанышты, мұңды, салтанатты, ойнақы т.б.) ажырата білуге үйрету. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>**Ән айту:** Әннің мазмұнын сезіну – шығарманың көңіл-күйін, сипатын түсіну, соған спй орындауға баулу және ән айту дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыкалық шығармалардың ырғағын тыңдап, сәйкес қимылдар орындауға үйрету. Қазақстан халықтарының халық билерінің элементтерімен таныстыру.<br>**Билер:** Би арқылы дене қимылын үйлестіруді дамыту. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыканы тыңдай отырып, мазмұнын, ырғағын ажырата білуге үйрету. Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. |
| **қантар** | **Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын (жылдам-баяу, нәзік-күшті, әсем-салтанатты, ойнақы т.б.) түсініп, салыстыра білуге баулу. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би)үйрету.<br>**Ән айту:** Әнді бірлесіп айту – ұжыммен бірге айту дағдыларын дамыту, достық, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Ән айту кезінде денені дұрыс ұстау, тыныс алу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әуенді, екпінді, динамиканы ажырата білуге бағыттау; Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Билер:** Ұлттық би элементтері арқылы қазақ халқының мәдениетін қалыптастыру. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. |
| **ақпан** | **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау барысында балалардың зейінін, есту қабілетін, қабылдау мәдениетін дамыту. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды,музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту:** Әуенге сәйкес қимылдар жасау – ән айту кезінде қарапайым ырғақтық қимылдар орындау. Топпен ән айту. Ұлттық әндермен танысу. Әндердің мағынасын талқылау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдар арқылы көңіл-күйді, мазмұнды жеткізе білуге баулу. Музыкалық қозғалыстар, қарапайым ырғақтарды тыңдау, қимылдар арқылы көрсету.<br>**Билер:** Ұлттық би элементтері арқылы салт- дәстүрге қызығушылықтарын арттыру. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық аспаптарында ойнау:** Бірлесіп ансамбльде ойнауға, тәртіп сақтап кезек күтуге дағдыландыру. Шығармашылық пен қиялды дамыту. Өз шығармасын шығару мүмкіндігін беру, өзіндік қабілеттерін көрсете білу. |
| **наурыз** | **Музыка тыңдау:** Қазақ халық әндері мен күйлері арқылы балаларды ұлттық мәдениетке баулу. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Ән айту:** Музыкалық есту қабілетін дамыту – интонация, дыбыс биіктігі мен ұзақтығын ажырата білу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Ұжымдық қозғалыстарға (шеңбер бойымен, жұптасып, топпен) бейімдеу. Қысқа және ұзақ дыбыстарды ажырата отырып, қозғалыстарды ұйымдастыру.<br>**Билер:** Бірлесіп билеу арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыка арқылы ойын, хоровод, қимылды іс – әрекеттерге қызығушылықтарын ояту және мазмұнына сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық тыңдау және есту қабілетін және қимыл-әрекет үйлесімділігін дамыту. Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы түрлі аспаптардың дыбысын ажыратуды үйренеді. |
| **сәуір** | **Музыка тыңдау:** Әртүрлі жанрдағы (халық музыкасы, классикалық, заманауи) шығармаларды тыңдату арқылы музыкалық көкжиегін дамыту. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Ән айту:** Әуенді дұрыс айтуға, тыныс алуды дұрыс қолдануды үйрету. Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка екпініне сәйкес жүру, тоқтау, қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. Музыкалық үзілістерді сезіну. Әуенге сәйкес ырғақты қимылдарды орындау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Ұжымдық ән айту, ойнау, би билеу барысында достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Билер:** Жұптасып, бірлесіп билеу арқылы, бір-бірін тыңдауға үйрету. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Қазақтың ұлттық аспаптарына (домбыра, сазсырнай, асатаяқ, тастұяқ) деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке жәнешағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. |
| **мамыр** | **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау кезінде алған әсерін қимыл, әңгіме, сурет немесе ән арқылы шығармашылықпен жеткізе білуге үйрету. Тыңдаған шығарманы талдау арқылы балалардың тіл байлығын, ойын жеткізе білу қабілетін дамыту. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту:** Әндердің мазмұны арқылы эстетикалық және патриоттық тәрбие беру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың баяу және жылдам сипатын ажыратып, сәйкес қимылдар жасауға үйрету. Музыкадағы екпінді түсіну және қимылдармен көрсету. Қосымша аспаптарды қолдану. Топпен ырғақты би қимылдарын орындау.<br>**Билер:** Бірлесіп, жұптасып, ұжыммен билеу арқылы сахналық мәдениетке баулу. Халық билері. Әуенді билер. Қарапайым және қызықты қозғалыстар.<br>**Ойындар, хороводтар:** Қазақтың ұлттық ойындары, ән- күйлері арқылы, ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау:** Ән айту, би қимылдары мен аспаптық сүйемелдеуді үйлестіруді үйрету. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: № 1 «Бәйтерек» балабақшасы**
**Жоспардың құрылу кезеңі**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Четверг | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы жаттығуға дайындық/ | **Қазақстан Республикасының гимні (**Адал азамат біртұтас тәрбие**)**<br>**Міндеттері:** Балалардың патриоттық тәрбиелерін қалыптастыру. Таңғы жаттығуға дайындық.<br>«Күй күмбірі» **(**Адал азамат біртұтас тәрбие**)**<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.<br>Музыкалық жанрлар: əн,би,маршпен таныстыру. | | | | |
| **ҮІӘ** | **«Құлыншақ»**<br>**кіші топ**<br>**Міндеттері:** Әнді айтқанда озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау; Музыканы тыңдай білуді және тани білуді қалыптастыру. Қол қимылдарын: "шапалақ – шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қар жауып тұр»<br>Аудиожазбада үзік-үзік нәзік дыбыстар (стаккато) - қардың түсуін бейнелейді. Жетекші әр баланың алақанына мақтадан жасалған «жұмсақ қарды» қояды. | | **«Балбөбек»**<br>**кіші топ**<br>**Міндеттері:** Әнді айтқанда озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау; Музыканы тыңдай білуді және тани білуді қалыптастыру. Қол қимылдарын: "шапалақ – шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау.<br>**Музыка тыңдау:** «Қар жауып тұр»<br>Аудиожазбада үзік-үзік нәзік дыбыстар (стаккато) - қардың түсуін бейнелейді. Жетекші әр баланың алақанына мақтадан жасалған «жұмсақ қарды» қояды. (бұл | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (бұл әдіс есту қабілеті төмен немесе зейіні шашыраңқы балаларға музыканың ырғағын физикалық тұрғыда сезінуге көмектеседі.) «Күй күмбірі»***(Адал азамат біртұтас тәрбие)*** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Сиқырлы қолғап» Жетекші қолғаптың ішінен аспапты (сылдырмақ) дыбыстап ойнайды. Балалар дыбысты естіп, қандай аспап екенін табады. **Мақсаты:** Дыбыс арқылы затты тану және кеңістікті бағдарлау. **Көрнекілік:** Ішінде музыкалық аспаптары бар үлкен қысқы қолғап. **Ән айту:** «Сылдырмақтар қайда?» Балалар | | әдіс есту қабілеті төмен немесе зейіні шашыраңқы балаларға музыканың ырғағын физикалық тұрғыда сезінуге көмектеседі.) «Күй күмбірі»***(Адал азамат біртұтас тәрбие)*** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Сиқырлы қолғап» Жетекші қолғаптың ішінен аспапты (сылдырмақ) дыбыстап ойнайды. Балалар дыбысты естіп, қандай аспап екенін табады. **Мақсаты:** Дыбыс арқылы затты тану және кеңістікті бағдарлау. **Көрнекілік:** Ішінде музыкалық аспаптары бар үлкен қысқы қолғап. **Ән айту:** «Сылдырмақтар қайда?» Балалар сылдырмақтармен ән айтып, қимыл-қозғалыс жасайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сылдырмақтармен ән айтып, қимыл-қозғалыс жасайды.<br>***«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»***<br>«Ақ қоян мен қар»<br>Мақсаты: Сөз, музыка және қимылды үйлестіру.<br>Әуен: Көңілді, секірмелі ырғақ.<br>«Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>(қолдарын басына қойып, құлақ жасайды)<br>Қардан қатты тоңыпсың.<br>Секір-секір, жүгір де,<br>(бір орнында ақырын секіру)<br>Жылытып ал бойыңды!<br>(қолдарын иығына қойып, өзін құшақтайды)»<br>**Рефлексия:**<br>Музыкалық терапия (Релаксация)<br>«Қар ұлпаларының биі»<br>Балалар жайлы қалыпта кілемге | | ***«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»***<br>«Ақ қоян мен қар»<br>Мақсаты: Сөз, музыка және қимылды үйлестіру. Әуен: Көңілді, секірмелі ырғақ.<br>«Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>(қолдарын басына қойып, құлақ жасайды)<br>Қардан қатты тоңыпсың.<br>Секір-секір, жүгір де,<br>(бір орнында ақырын секіру)<br>Жылытып ал бойыңды!<br>(қолдарын иығына қойып, өзін құшақтайды)»<br>**Рефлексия:** Музыкалық терапия (Релаксация)<br>«Қар ұлпаларының биі»<br>Балалар жайлы қалыпта кілемге жайғасады.<br>Жайлы, баяу «Қысқы вальс» ойналады.<br>Жетекші балалардың төбесінен жеңіл ақ қар ұлпаларын үрлеп ұшырады.<br>Мақсаты: Жүйке жүйесін тыныштандыру, тыныс алуды реттеу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жайғасады. Жайлы, баяу «Қысқы вальс» ойналады.<br>Жетекші балалардың төбесінен жеңіл ақ қар ұлпаларын үрлеп ұшырады.<br>Мақсаты: Жүйке жүйесін тыныштандыру, тыныс алуды реттеу. | | | | |
| **Күнделікті ойындар** | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Сылдырмақтар қайда?» Балалар сылдырмақтармен ән айтып, қимыл-қозғалыс жасайды. «Ақ қоян мен қар» Көңілді, секірмелі ырғақ. «Ақ қоян-ау, ақ қоян, (қолдарын басына қойып, құлақ жасайды) Қардан қатты тоңыпсың. Секір-секір, жүгір де, (бір орнында ақырын секіру) Жылытып ал бойыңды! (қолдарын иығына қойып, өзін құшақтайды)»<br>«Күй күмбірі» **(Адал азамат біртұтас тәрбие)** тыныштық сағаты уақытында | | | | |
